




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


# ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ


ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық  
өнер университеті» РММ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Кеңестің негізгі мақсаттары, міндеттері және күзіреттері	2
3	Кеңестің қызметін ұйымдастыру	4
4	Мәселелерді Кеңестің қарастыруына дайындау және шығару	5
5	Қорытынды ережелер	6



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	2 бет

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Ғылыми кеңес туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) Ғылыми кеңесінің негізгі міндеттерін, қызметтерін, құрылу тәртібін және өкілеттіктерін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің м.а. 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің және оны сайлаудың Үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің бұйрығымен бекітілген аталған министрліктің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына.

1.3 Ғылыми кеңес (бұдан әрі - Кеңес) – Университетті басқаратын алқалы органдардың бірі.

1.4 Ғылыми кеңестің қызметі оның құзіретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылау жариялылығына негізделеді.


## **2 КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚҰЗІРЕТТЕРІ**

2.1 Кеңес қызметінің мақсаттары:

- Білім беру процесін табысты іске асыру үшін қажетті жағдай жасау;
- Университеттің қаржылық қолдауын қамтамасыз ету, материалдық-техникалық қорын нығайту;
- Университеттің одан әрі дамуына септестік ету.

2.2 Кеңестің негізгі міндеттері:


- Университет дамуының тұжырымдамасын анықтау;
- Университет қызметінің барлық салаларын нормативтік-құқықтық құжаттамамен қамтамасыз ету;
- Оқудың барлық нысандарын іске асыруды табысты қамтамасыз ету;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	3 бет

- Университетте білім беру процесін іске асырудың сапасын ұлғайтуды қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдау;
- Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының сапалы ұлғаюы мәселелерін шешу;
- Университетте педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметтің беделін түсіретін білім берудегі, ғылым мен шығармашылықтағы сыбайлас жемқорлықтың және академиялық этиканы бұзушылықтың алдын алуға бағытталған шараларды әзірлеу

### 2.3 Негізгі міндеттерге сәйкес Кеңестің күзіреттеріне жатады:

- 1) Университет құрылымын бекітуге ұсыныс;
- 2) Университеттің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар;
- 3) Университеттің құрылымдық бөлімшелерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату бойынша ұсыныстар (кафедралар, факультеттер, бөлімдер, т.б.);
- 4) Университеттің тиісті жылға Стратегиялық даму жоспарын бекіту;
- 5) Университеттің ішкі нормативтік құжаттамасын бекіту және өзгерістер енгізу (алқалы органдары, оқу процесін ұйымдастыру, тәрбие, ғылыми, ғылыми-зерттеу қызметі, этика қағидалары, академиялық адалдық, т.б. туралы ережелер);
- 6) Университеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметін ұйымдастырудың барлық негізге алынатын мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 7) Университеттің қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды ұйымдастыру;
- 8) Университеттің бюджеттен тыс қаржыны пайдалану тәртібін, сондай-ақ, ақылы білім беру қызметін көрсету және өндірілетін өнімді өткізу арқылы алынатын табысты қайта инвестициялау бағыттарын анықтау;
- 9) Ректордың, проректорлардың, құрылымдық бөлімшелер басшыларының оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие, қаржылық, шаруашылық, ақпараттық және халықаралық қызмет туралы жыл сайынғы есептерін тыңдау;
- 10) Барлық оқу кезеңдері мен нысандарының білім беру бағдарламаларын бекіту;
- 11) Ағымдағы оқу жылына академиялық күнтізбені бекіту;
- 12) Барлық мамандықтар бойынша бақылау нысандарын бекіту;
- 13) Диссертациялық зерттеулер бойынша тақырыптарды және магистранттар мен докторанттардың ғылыми жетекшілерін/кеңесшілерін бекіту;
- 14) Диплом жобаларының/бакалавриат жұмыстарының тақырыптарын және ғылыми жетекшілерін бекіту;
- 15) МАК төрағаларының есептерін бекіту;
- 16) Білім алушыларды ақылы оқудан білім беру гранттарының бос орындарына ауыстыру туралы шешім қабылдау;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	4 бет

17) Университеттің диссертациялық кеңестері қызметінің мәселелерін қарастыру;

18) Ғылыми басылымдарды: монографияларды, оқулықтар мен оқу құралдарын қарастыру және жариялауға ұсыну;

19) Университет білім алушыларын Президенттік шәкіртақыны, сондай-ақ, атаулы және басқа арнайы шәкіртақыларды тағайындауға ұсыну туралы мәселелерді қарастыру;

20) Университет білім алушыларын және профессорлық-оқытушылық құрамды мемлекеттік, мекемелік және басқа атақтарды, сыйлықтар мен марапаттарды тағайындауға ұсыну мәселелерін қарастыру;

21) Профессорлық-оқытушылық құрамды қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор ғылыми атақтарын тағайындауға ұсыну мәселелерін қарастыру;

22) Университет қызметкерлерін, шығармашылық ұжымдарды мемлекеттік марапаттарға және құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселелерді қарастыру;

23) Профессорлық-оқытушылық құрамды мемлекеттік және мекемелік деңгейдегі конкурстарға қатысуға ұсыну туралы мәселелерді қарастыру;

24) Университеттің алқалық шешімді талап ететін ағымдағы қызметінің басқа да мәселелерін қарастыру.

### **3 КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

3.1 Кеңес Университет ректорының бұйрығымен құрылады.

3.2 Кеңестің құрамына Университет ректоры, проректорлар, құрылымдық бөлімшелер басшылары, профессорлық-оқытушылық құрамның, студенттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіруі мүмкін.

3.3 Университет ректоры Кеңестің Төрағасы болады.


3.4 Кеңестің Төрағасы төрағаның орынбасарын тағайындайды. Төраға болмаған кезде оның міндеттерін орынбасары атқарады.

3.5 Кеңестің дербес құрамы 3 жылдық мерзімге сайланады және мүшелерінің саны тақ болады. Қажеттігіне қарай жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жеке өзгерістер енгізілуі мүмкін.

3.6 Хатшыны Кеңес тағайындайды және ол Кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауап береді.

3.7 Кеңестің Төрағасы Кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

3.8 Кеңес өзінің жұмысын оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарының негізінде ұйымдастырады. Жұмыс жоспары Кеңестің мүшелерімен құрастырылады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

3.9 Кеңестің жиналыстары тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес кемінде, айына бір рет (айдың соңғы бейсенбісінде) өткізіледі.

3.10 Кеңес мүшелерінің жалпы санының, кемінде, үштен екісі қатысқан болса, Кеңестің жиналыстары құқықты саналады. Кеңес мүшесі жиналысқа дәлелді себепті қатыса алмауы туралы төрағаға алдын ала хабарлауы тиіс.

3.11 Жиналысқа келген әрбір Кеңес мүшесі өзінің деректерін (аты-жөнін) Кеңестің хатшысы дайындаған келу парағында тіркеуі тиіс.

3.12 Шешім қабылдау бойынша ашық дауыс беру өткізіледі. Жиналысқа қатысқан Кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берген болса, Кеңестің шешімдері қабылданған болып саналады.

3.13 Кеңестің жиналыстары Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қойған хаттамамен рәсімделеді.

3.14 Кеңестің шешімдері оларға Университет ректоры - Кеңестің төрағасы қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

#### **4 МӘСЕЛЕЛЕРДІ КЕҢЕСТІҢ ҚАРАСТЫРУЫНА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ**

4.1 Кеңес жиналысының Күн тәртібі тиісті жылға бекітілген жұмыс жоспарына сай құрастырылады.

4.2 Тиісті жылға бекітілген жұмыс жоспарында көрсетілмеген мәселені күн тәртібіне енгізгісі келетін баяндамашы Кеңес жиналысына дейін, кемінде, 14 күн бұрын осы мәселені күн тәртібіне енгізу қажеттігі туралы Университет ректоры қол қойған және жетекшілік ететін проректормен мақұлданған ұсынысты Кеңестің хатшысына беруі тиіс.


4.3 Баяндамашы Кеңес жиналысының Күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша Кеңес жиналысына дейін, кемінде, 7 күн бұрын Кеңестің хатшысына беруі тиіс:

- Мемлекеттік және орыс тілдерінде баяндама (басып шығарылған түрде және электрондық тасымалдауышта);
- Қаулының жобасы.

4.4 Баяндама келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- Мәселе бірізді, анық және қысқа түрде берілуі тиіс;
- Нәтижелерді талдау, қажет болса, олқылықтары мен олардың пайда болу себептері болуы тиіс;
- Баяндаманың соңында мәселені тиімді шешуге бағытталған қорытындылар берілуі тиіс.

4.5 Баяндамашының баяндамасы бекітуді талап ететін құжаттармен бірге берілуі мүмкін. Дайындалған құжаттарға аталған құжаттарды орындау үшін

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	6 бет

жауапты тұлғалар (проректорлар, декандар, бөлім басшылары, т.б.) қол қоюы және мақұлдауы тиіс.

4.6 Кеңес қаулысының жобасы қаулы ететін шешімнің қысқаша берілуінен тұрады. Қажет болса, оны орындауға жауапты тұлғалар және орындау мерзімдері көрсетілуі мүмкін.

4.7 Қажетті құжаттарды және материалдарды тапсыру мерзімі қадағаланбаған жағдайда Кеңестің хатшысы бұл мәселені күн тәртібінен алып тастау туралы Кеңестің төрағасының алдында өтініш беруге құқықты.

## **5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

5.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.